

УДК 10.31.01

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ASTRA BUS», «ASTRA PLAT»
ЭЛЕКТРОНДЫ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ**

Таңатарова Бақыт Жайлыханқызы

Tanatarovab@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің заң факультетінің 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші-з.ғ.к, доцент Умирзаков П.К.

Бұл мақалада жалпы цифрландыру жағдайындағы көлік қызметін құқықтық реттеу және Астана қаласындағы «Astra bus», «Astra plat» электронды төлем жүйелерін талдау жүргізілді.

Түйін сөздер: цифрландыру, көлік, құқық, электронды төлем жүйесі

Көлік кешені-ел экономикасының қалыпты жұмыс істеуінің негізгі объектісі болып табылады. Көлік жүйесінің өзі 4 құрамдас бөліктен тұрады. Ол - көлік құралдары (автомобильдер, кемелер, ұшақтар), жолдар (темір, автомобиль жолдары, құбырлар, әуе, теңіз), ұйымдар (авиациялық теңіздік, темір жол компаниялары) және тиеу-тусіру пункттері (теңіз және «әуе» порттары, темір жол станциялары)[1]. Көлік кешені инфрақұрылымдық сала ретінде жүктер мен жолаушыларды тасымалдау арқылы елдің стратегиялық бағытын айқындай отырып, әр ел үшін оның ішінде, кең байтақ жері бар Қазақстан Республикасы үшін де маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасының көлік - коммуникациялық кешені-жоғары технологиялық, бәсекеге қабілетті, әлемдік стандарттарға сәйкес келетін, көлік процесіне қатысушылар үшін қауіпсіз, әлемдік көлік жүйесіне органикалық ықпалдастырылған, экономика, Ұлттық қауіпсіздік, геосаясат, бизнес мүдделерін қоғам мен мемлекеттің игілігі үшін үйлесімді ұштастыра алатын көлік-коммуникациялық кешен болып табылады. Бұл кешенді одан әрі дамыту мақсатында, елбасымыздың атынан жолдаулар мен стратегиялар шығарылып жатыр. Оның ішінде, «Қазақстан – 2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын айтуымызға болады[2]. Сонымен қатар, елімізде Қазақстанның көлік инфрақұрылымын 2020 жылға дейін дамыту туралы мемлекеттік бағдарламасы да іске қосылды[3]. Бұл бағдарламаның мақсаты - Қазақстанның экономикалық өсу мүмкіндіктерін кеңейтуді және халықтың көлік қызметтеріне деген

қажеттілігін қанағаттандыруды қамтамасыз ететін заманауи көлік инфрақұрылымын қалыптастыру болып табылады.

2017 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №827 Қаулысымен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді[4]. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл - маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты», -деп таяудағы жолдауында бағдарламаның іске асырылуын ҚР Үкіметіне тапсырған болатын [5].

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының негізгі мақсаты кез келген саланы цифрлық технологияға айналдыра отырып, әлемнің экономикасы жағынан ең мықты елдердің қатарына қосылу болып табылады. Бағдарламадағы цифрлық технологияны көлік қызметіне қосу дұрыс және қосу арқылы әлемдік аренаға көлік инфрақұрылымы арқылы танылуға болады деп есептейміз.

Қазіргі таңда, цифрлық технологияны пайдалану барлық сала үшін өте ыңғайлы және уақыт үнемдеуге байланысты көптеген адам үшін таптырмас дүние болып табылады. Атап айтатын болсақ, көлік саласында цифрландыру билеттерді броньдау, мобильді қосымшалар арқылы пошта жіберу, сұраныс пен жоспарлау үдерістерін автоматтандыру, құрал-жабдықты қажетке жаратудың сараптамалық шешімдерін жасау және т.б. көптеген мәселелерді шешер еді. Бұл цифрлық технологиялардың көмегімен жұмысты оңтайландырудың жекелеген мысалдары ғана.

Жаңа технологиялар ірі елді мекендердің ішіндегі көлік жүйесіне аса қажет. Көлік жүйесі ішінде Астана қаласындағы «Astra Bus» автобустарды мысал ретінде алып отырмыз. Себебі, тәжірибе көрсеткендей, қалалықтар орта есеппен көлік оның ішінде автобус қызметтерін күніне 2-3 рет пайдаланады және жаңадан шыққан «Astra Bus», «Astra Plat» жүйелеріне байланысты қоғамда проблемалық ахуал туындауда деп айтуға болады. Осы мәселені мақаланың тақырыбы ретінде көлік жүйесі ішіндегі қоғамдық көлікке тоқталуымызға себеп болып отыр.

Тақырыпты зерттей келе, Қазақстанның көптеген қалаларында қоғамдық көлік қозғалысын реттеу жүйесі қажетті жайлылыққа жеткізілмеген. Бұл әрине жолдардағы қоғамдық көліктің басымдылығын төмендетеді және жолаушыларға қолайсыздық туғызады (автобусты ұзақ күтуге қатысты). Дегенмен, қазір еліміздің көп қалаларында диспетчерлеу және мониторингтеу жүйесін енгізу арқылы автобустар қозғалысын мобильдік қосымша арқылы қадағалауға болады.

Әзірлеушілер республиканың басқа да ірі елді мекендерін қамтамасыз етуді жоспарлауда. Жалпы алғанда Қазақстан бойынша 800 мың адам мобильды қосымшаларды жүктеген. Жүктеген пайдаланушылар саны жағынан Астана қаласы алғашқы орында, бұл ретте астана үшін жеке Astra Bus қосымшасы әзірленген.

Astra Bus мобильді қосымшасы автобусты онлайн қадағалау арқылы халық үшін өте тиімді болып табылады, бірақ та кемшіл тұстары әлі де бар. Кемшілік деп атауға себеп болып отырған жағдай, ол кейбір автобустардың қай жерде келе жатқандығы мүлдем көрсетілмейді, сол себептен де халықтың наразылығын тудыратын жағдай болып отыр. Сонымен қатар, Astra Bus мобильді қосымшасы интернет желісі арқылы жасайтынын бәріміз білеміз. Бұл әрине, кейбір адамдар үшін өте қолайсыз болып табылады, себебі автобусты бақылау кезінде интернет желісі болмай қалуы мүмкін. Сол себептен Astra Bus мобильді қосымшасы интернетсіз тегін пайдаланылуға берілуі керек деп ойлаймыз. Мысал ретінде, «2гис» деп аталатын навигаторлық жүйені алайық, бұл жүйені интернетсіз тегін пайдалануға болады, сол жағы халық үшін өте тиімді болып табылады. Сол себептен де, Astra Bus мобильді қосымшасы да «2гис» жүйесі секілді тегін пайдаланылуға берілсе, халық үшін таптырмас жүйе болып саналар еді.

Сонымен қоса, астаналық қоғамдық көліктер үшін жол жүру ақысын төлеуге арналған Astra Plat жүйесі әзірленген. Аудару арқылы төлем жасауда қосымша жол жүру және бір сағат бойы тегін жүру түріндегі бонустар беріледі.

Цифрлық технология бойынша, электронды жолақыны төлеу жүйесін енгізу мына негізгі көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- елорданың автомобиль көлігімен жолаушыларды тасымалдау қызметтері бойынша сапаны арттыру;
- жолаушылар тасымалдау саласында қаржылық айналымның ашықтылығын қамтамасыз ету;
- тегін жол жүру құқығын пайдаланатын санатқа жататын азаматтардың тасымалын қамтамасыз етуші тасымалдаушы кәсіпорындардың шығындарын өтеу көлеміне дұрыс есеп жүргізуге мүмкіндік беретін механизмді енгізу;

Қазіргі таңда елорданың кейбір аялдамасында арнайы автобус келетін уақытты көрсететін монитор қойылған. Сол арқылы көліктердің қанша уақытта аялдамаға жететінін қарап тұруға болады. Бұл жердегі тағы да айта кететін кемшілік, ол монитордың барлық автобус аялдамасында болмауы, яғни жетіспеуі. Сондықтан, аялдамадағы монитор санын көбейтуді ұсынамыз.

ASTRA Plat электронды жүйесінің ІІ кезеңі іске қосылды. Көліктік карталар арқылы қаланың экспресс маршруттарында жолақысын төлеу мүмкіндігі туындады[6]. ASTRA Plat электронды жүйесін тек Астана қаласында емес, өзге де қалаларда дамыту қажет деп ойлаймыз. Себебі, кейбір қалалардың қоғамдық көліктерінде жолаушылар қолма-қол төлем арқылы төлейді. Егер, сол қалаларға электрондық төлем жүйесін енгізетін болсақ, цифрлық технологияның алғышарты іске асырылады деп айтуға болады.

Астана қаласы бойынша жол жүру картасының 3 түрі бар. Олар: қаражат толтырылатын, мектеп оқушыларына арналған және жеңілдіктері бар карталар. Бұл карталардың қатарына студенттік карталарды қосу туралы және жолақыны 50%-ға дейін төмендету туралы ұсынысты енгізу керек деп ойлаймыз. Себебі, біріншіден, студенттердің тұрақты табыс көзі болмағандықтан, оларға қиындық соқтыруы мүмкін. Екіншіден, шетелдік тәжірибеге сүйенсек, көрші елдеріміз Ресей мен Украинада студенттер қоғамдық көлікке 50% жеңілдікпен жүре алады, яғни студенттер үшін барлық жағдай қарастырылған. [7].

Көліктік карталарды арнайы кассаларда және сауда үйлері мен аялдамалар жанында орналасқан RTVM автоматтарынан сатып алуға болғанымен, автоматтар саны қала бойынша өте аз. Өзге де сатылым нүктелерін alrt.kz сайтынан және ASTRA Bus қосымшасынан қарап білуге болады[8].

ASTRA Plat жүйесі туралы кейбір мәселелерді жоғарыда ашып айтып кеттік. Бұл жүйе пайдаланушылар атынан көптеген сындарға ұшырып жатыр, оның ішінде картаны толтыруға байланысты, толтырғаннан кейінгі ақшаның картаға кеш түсуі, картаны толтыратын терминалдардың аздығы және т.б

Жалпы алғанда, қоғамдық көлік қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актінің жоқ екендігін білеміз. Тек қана, барлық көліктердің жалпылама заңнамасы «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» 1994 жылғы 21 қыркүйектегі заңы бар. Сол себептен де, бұл мақаланы жазу арқылы туындаған ұсынысым қоғамдық көлік қызметін реттейтін бөлек нормативтік актінің болғаны дұрыс деп ойлаймыз. Себебі, «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» заңнамада барлық жағдайлар көзделмеген.

Қорытындылай келе, төмендегі ұсыныстарды енгізуді ұсынамыз:

- Қоғамдық көліктердің қызметін реттейтін арнайы нормативтік акті шығару;
- «Astra Bus» мобильді қосымшасын интернетсіз тегін пайдалануға беру;
- Автобус аялдамаларындағы мониторлар санын көбейту;
- Студенттерге арналған жеңілдігі бар жол карталарын шығару;

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://articlekz.com/article/8562>
2. Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы»
3. Н.Назарбаев «Қазақстан-2020» Стратегиясы»
- 4.«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы 2017 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №827 Қаулысы
5. https://www.inform.kz/kz/elbasy-cifrlyk-kazakstan-maksatty-bagdarlamasy-naktylady-galym_a3031281
6. <http://alrt.kz/activities>
- 7.<https://www.segodnya.ua/lifestyle/psychology/Vse-preimushchestva-kotorye-otkryvayutsya-pered-studentami--463977.html>
- 8.<https://informburo.kz/novosti/v-astana-lrt-razrabotali-novyuy-sposob-momentalnogo-popolneniya-kart.html>